WLtoys
18405 / 18428-B
радиомен
басқарылатын көлігі

Құрметті сатып алушы!

«WLtoys» сауда белгісімен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған өнімдер мен құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Радиомен басқарылатын көлік – бұл 6 жастан асқан балаларға арналған ойыншық, ол қашықтан басқару пульті арқылы басқарылатын автокөліктің моделі болып табылады.

Сақтық шаралары

- Бұл құрылғыны 6 жасқа толмаған балаларға және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдарға, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа жандардың бақылауынсыз пайдалануға болмайды. Құрылғыны құрастыру ересек адамның бақылауымен жүзеге асырылуы керек.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғы мен айналадағы адамдар, жануарлар, көліктер және басқа радиомен басқарылатын көліктер арасындағы қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.
- Көлігіңізді жаяу жүргіншілер көшесінде немесе қоғамдық орындарда іске қоспаңыз. Бұл ауыр жарақатқа, апаттарға және мүліктің бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Көлікті адамдар мен жануарлар жүрмейтін, кедергілер мен автокөлік жолдары жоқ кең алаңдарда ғана іске қосыңыз.
- Құрылғыны басқарудың абайсызда жоғалуы салдарынан радиомен басқарылатын көлікке зақым келтірмеу үшін оны су қоймаларына жақын жерде іске қоспаңыз.
- Құрылғыны пайдаланар алдында іске қосу аймағында бірдей радиожиілікті қолданатын басқа құрылғылардың жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Құрылғының қозғалмалы бөлшектерін ұстамаңыз.
- Электрондық блоктың зақымдануына жол бермеу үшін құрылғыны суға батырмаңыз, сондай-ақ құрылғыны жаңбыр кезінде немесе дымқыл беттерде іске қоспаңыз.
- Пайдалану кезінде мотор мен қуат көзі элементтері қызып кетуі мүмкін, құрылғыны ұстағанда абай болыңыз.
- Пайдаланғаннан кейін қашықтан басқару пультінің антеннасын әрдайым жинап қойыңыз.
- Құрылғыны және оның элементтерін балалардың қолы жетпейтін жерде, жылу көздерінен және тікелей күн сәулесінен алыс сақтаңыз.
- Қашықтан басқару пультінің антеннасын көзіңізге бағыттамаңыз.
- Тек түпнұсқа керек-жарақтарды пайдаланыңыз.
- Тұншығып қалу қаупін болдырмау үшін құрылғының қаптама элементтері мен бөлшектерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Қаптама элементтерін бесікке, баланың төсегіне, бала арбасына және манежге жақын жерде қалдырмаңыз.


- Көлікті ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, тотығуына жол бермеу үшін қуат көзі элементтерін құрылғыдан және қашықтан басқару пультінен шығарыңыз (себебі бұл құрылғыға зақым келтіруі мүмкін).
- Радиомен басқарылатын көлік, қашықтан басқару пульті және зарядтау құрылғысында көрінетін зақымдардың бар-жоғын үнемі тексеріп отырыңыз. Құрылғыдан зақымдану, ақаулық немесе істен шығу анықталған жағдайда қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Қуат көзі элементтерімен жұмыс істеген кездегі сақтық шаралары

- Қуат көзі элементтерін бөлшектемеңіз немесе ашпаңыз, кабельдер мен сымдарды кесіп алмаңыз, себебі бұл қысқа тұйықталуға және/немесе құрылғының бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Қуат көзі элементтерін қолданылып жатқан құрылғының пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес ауыстырыңыз, батареяларды полярлығын ескере отырып орнатыңыз.
- Әртүрлі қуат көзі элементтерін пайдаланбаңыз.
- Ескі және жаңа қуат көзі элементтерін бір уақытта пайдаланбаңыз.
- Қуат көзі элементтерін түрлендірмеңіз, зарядтауға арналмаған батареяларды зарядтамаңыз.
- Қайта зарядталатын қуат көзі элементтерін зарядтамай тұрып, істен шығып қалмауы үшін олардың толық суығанына көз жеткізіңіз. Қуат көзі элементтері ересектердің бақылауымен зарядталуы тиіс.
- Пайдаланып болған соң зарядтау құрылғысын желіден ажыратыңыз.
- Қуат көзі клеммаларын қысқа тұйықтамаңыз.
- Жарылуға жол бермеу және пайдаланушының денсаулығына қатер төндірмеу үшін, іске жарамсыз қуат көзі элементтерін ешқашан жақпаңыз.

Қуат көзі элементтерін ауыстыру


1. Қашықтан басқару пультінің батарея бөліміне полярлыққа сәйкес 4 «AA» қуат көзі элементін салыңыз.
2. Радиомен басқарылатын көліктің батарея бөлімін ашып, аккумуляторды төмендегі сұлбаға сәйкес электронды блоктың контактісіне қосыңыз.



Аккумуляторды зарядтау

1. Аккумулятор контактісін зарядтау кабеліне, содан кейін қуат көзіне қосыңыз. Зарядтау кезінде жарық индикаторы жыпылықтап, зарядтау процесі аяқталғаннан кейін өшеді.
2. Аккумулятордың толық зарядталуына шамамен 2 сағат кетеді.
3. Аккумулятор ересектердің бақылауымен зарядталуы тиіс.


Құрылғы сұлбасы




1. Қашықтан басқару пультінің тумблері.
2. Қуат көзінің жарық индикаторы.
3. Батарея бөлігі.
4. Газ шүріппесі (алға/артқа қозғалу).
5. Рөл дөңгелегі.
6. Газды баптау винті.
7. Рульді баптау винті.
8. Радиомен басқарылатын көліктің қуат тумблері.
9. Дөңгелектердің бұрылуын реттегіш.
10. Радиомен басқарылатын көліктің батарея бөлімі.

Құрылғыны басқару


1. Радиомен басқарылатын көлікті қосу үшін қабылдағыштың тумблерін (8) «ON» («ҚОСУ») күйіне ауыстырыңыз. Қашықтан басқару пультіндегі қуат тумлерін (1) «ON» («ҚОСУ») күйіне ауыстырыңыз, қуат көзінің жарық индикаторы (2) жыпылықтай бастайды. Жарық индикаторы жыпылықтамай-ақ жанған кезде, бұл көлік пен қашықтан басқару пульті арасындағы байланыс сәтті орнатылғанын білдіреді.
2. Машинаны дөңгелектері жерге тимейтіндей етіп тіреуішке немесе жақтауға қойыңыз. Дөңгелектер өздігінен алға немесе артқа айналса, тиісті газды баптау бұрандасын (6) дөңгелектер толық тоқтағанша бұраңыз.
3. Газ шүріппесін (4) бірқалыпты өзіңізге қарай немесе өзіңізден ары жылжытыңыз, радиомен басқарылатын көлік сәйкесінше алға немесе артқа жылжи бастайды.



4. Қашықтан басқару пультіндегі рульдік дөңгелекті (5) бұраңыз, көлік оңға немесе солға бұрылады. Құрылғының қашықтан басқару пультінің сигналдарына нақты жауап беретініне көз жеткізіңіз.



5. Радиомен басқарылатын көлікті дәл алдыңызға жерге қойыңыз. Газ шүріппесін (4) бірқалыпты басыңыз, түзу қозғалыс кезінде көлік белгіленген траекториядан ауытқып кетсе, қашықтан басқару пультіндегі рульді баптау винтін (7) бұраңыз немесе дөңгелектердің айналуын тиісті реттегіш (9) арқылы көліктің астындағы дөңгелектердің орналасуы толық туралағанша реттеңіз.



Құрылғыға қызмет көрсету

1. Құрылғыны пайдаланып болғаннан кейін, аккумуляторды радиомен басқарылатын көліктен ажыратыңыз. Қуат көзі элементтерін қашықтан басқару пультінен алып тастаңыз.
2. Құрылғының корпусындағы кірді, құмды және шаңды жұмсақ құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
3. Құрылғының құрылымы мен корпусының металл бөліктеріне коррозиядан қорғайтын май жағыңыз.
4. Құрылғыны аккумулятордан бөлек сақтаңыз.

Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

Проблема	**Ықтимал шешімі**
Құрылғы жұмыс істемейді.	Радиомен басқарылатын көлік пен қашықтан басқару пульті қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
	Қашықтан басқару пультіне аккумуляторлар дұрыс полярлық бойынша орналасқанына көз жеткізіңіз.
	Радиомен басқарылатын көліктің аккумуляторы толығымен зарядталғанына көз жеткізіңіз.
Құрылғы пәрмендерге дұрыс жауап бермейді, қашықтан басқару пультінің сигнал ауқымы тым қысқа.	Іске қосу аймағында бірдей жиілікті қолданатын басқа құрылғылардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Бос жиілікке ауысыңыз немесе көлікті басқа аймақта іске қосыңыз.
	Қашықтан басқару пультіндегі қуат көзі элементтерін ауыстырыңыз, радиомен басқарылатын көліктің аккумуляторын зарядтаңыз.
	Антеннаның қашықтан басқару пультіне мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз, іске қосар алдында антеннаны толығымен ұзартыңыз.

Жоғарыда сипатталған шаралар мәселеңізді шешуге көмектеспесе, өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Техникалық сипаттамалары

Моделі	18405	18428-B
Масштаб	1:18	
Мотор	Коллекторлы, 380 класты	Коллекторлы, 130 класты
АКБ сыйымдылығы	Li-pol, 6,4 В, 500 мАсағ.	Ni-Mh, 6,4 В, 320 мАсағ.
Максималды жылдамдық	25 км/сағ дейін	9 км/сағ дейін
Жетек	4WD off-road	
Нұсқа	RTR (Ready To Run)	
Қашықтан басқару пульті	Бар	
Қашықтықтан басқару пультінің сигнал радиусы	50 м дейін	80 м дейін

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), сату және кәде-ге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын тұрғын-жайларында қаптамаға салып, +5 °C және +40 °C аралығындағы температурада және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Тұрғын-жайларда коррозия туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына оны мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жарату арқылы сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісті түрде пайдаланбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келу жағдайларының алдын аласыз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақау анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Кепілдік міндеттемелері

Өндіруші кепілдік мерзімі барысында құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен жинағында ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданған жағдайда, кепілдік мерзімі барысында пайдаланушының қатысынсыз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру жұмыстары жүргізіледі. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:
https://www.dns-shop.ru/technical-support/

Кепілдік мерзімі: 3 ай.
Пайдалану мерзімі: 6 ай.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: ДаблъюЭл Интеллиджент Тэкнолоджи Ко., Лимитед.
D аймағы, Сиехэ өндірістік паркі, Лаймэй тас жолы, Чэнхай ауд., Шаньтоу қ., Қытай.

Импорттаушы / өндіруші уәкілеттік берген тұлға: «Атлас» ЖШҚ,
690068, Ресей, Приморье өлкесі, Владивосток қ., 100-летие Владивостока даңғылы, 155-үй, 3-корпус, 5-кеңсе.

Қытайда жасалған.

Тауар Кедендік одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:
- КО ТР 008/2011 «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы»;
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділі».

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін. Құрылғының жиынтықтамасы алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін.

Тауардың жасалған күні (аа.жжжж.):_____ v.2